қалалық актық жарыстарда қатысушылар келесі қашықтықтар мен тәртіптерде қатысады: кіші топта кешенді эстафета 2x2 (қыздар 1 км., ұлдар 1 км.), ұлкен топта қыздарға 3 км., ұлдарға 5 км. **Қалалық финалда қашықтықтан шығып қалған қатысушыларға жүгірістің үздік уақыты мен нашар уақыттың қосындысы беріледі.** Қалалық финалға қатысудан бас тартқан командаға 3 км. жүгірген қызы баланың ең төмен уақыты қосылады.  
**Жарыстың кестесі бір апта бұрын мектептерге жіберіледі.**

#### **6. Қысқы Президенттік көпсайыс**

**Откізілу орыны :** шаңғыроллерлік дөңгелек жолы, № 32 МГ спорт залы және оқ ату тири.  
-жарыс жеке-командалық  
-команда құрамы : 4 қыз + 4 ұл.  
Туған жылы: қыз. ұл.  
2002-2004 ж.т. 2 2  
2005-2006 ж.т. 2 2  
Жекелей есептегі жеңімпаздар қысқы Президенттік көпсайыстың нәтижелер кестесіне сәйкес, жинаған ұпай саны бойынша анықталады.  
Командалық қорытынды қысқы Президенттік көпсайыстың нәтижелер кестесіне сәйкес, барлық 8 қатысушылардың жинаған ұпай саны бойынша анықталады.  
**Жарыстың кестесі бір апта бұрын мектептерге жіберіледі.**

#### **7. Тоғызқұмалақ**

**Откізілу орыны :** № 61 орта мектептің акт залы. Жарыстың басталуы 09.30 сағ.  
Команда құрамы : 3 қатысушы (1 тақта-ұл, 2 тақта –қыз, 3 тақта – кез келген)  
- әр командада 2 тоғызқұмалақ тақтасы болуы тиіс;  
- тақта бойынша командалық-жекелей жарыс . Жарыс төрешілік алқасымен өзгерілген және толықтырылған ережеге сай өткізіледі;  
- жарысқа қатысушылар өтінімдегі реттік саны бойынша ойынға жіберіледі.  
**Жарыстың кестесі бір апта бұрын мектептерге жіберіледі.**

#### **8 . Жазғы Президенттік көпсайыс**

**Откізілу орыны :** №74 МЛ стадионы, № 32 мектептің оқ ату тири, «Қазақстан» СС жүзу бассейні.  
-жарыс жеке-командалық;  
-команда құрамы : 4 қыз.,4 ұл;  
Туған жылы: қыз. ұл.  
2002-2004 ж.т. 2 2  
2005-2006 ж.т. 2 2  
**Жарыстың кестесі бір апта бұрын мектептерге жіберіледі.**

**Ескертпе: өзгерістер мен толықтырулар болған жағдайда төрешелік алқасы қосымша хабар береді.**

**Байланыс телефондар: Бас төреши Тяженов Н.И. - ж. 232442; ұялы: 87016190905;**  
**Бас төрешиңің орынбасары- Сұлтаналиев Ә.С. - ж. 232442; ұялы. 87012946496**

**2019-2020 оқу жылындағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының  
Спартакиада жарыстарының спорт түрлері бойынша откізу БАҒДАРЛАМАСЫ**

№	Спорттын түрлері	Катысушындың саны	Өтетін мерзімі	Бас төрешілер
1.	Күзгі кросс	2+2 1 бапк.+1 өкіл	20.09.2019	Тяженов Н.И. Спорт түрлерін қадағалайтын «Шығыс» БЖО қызметкерлері
2.	Футбол	15	а) топтағы ойындар 23-27.09.2019 ә) қызысу ойындары 28.09.2019 б) іріктеу ойындары 13-17.04.19 <b>Қалалық ақтық ойындар 04-06.05.19</b>	Тяженов Н.И. Спорт түрлерін қадағалайтын «Шығыс» БЖО қызметкерлері
3.	Үстел теннисі	2+1 1 бапк.+1 өкіл	01.11.2019	Тяженов Н.И. Спорт түрлерін қадағалайтын «Шығыс» БЖО қызметкерлері
4.	Тоғызқұмалақ	2+1 1 бапк.+1 өкіл	03-04.12.2019	Тяженов Н.И. Спорт түрлерін қадағалайтын «Шығыс» БЖО қызметкерлері
5.	Баскетбол (ұлдар)	12 1 бапк.+1 өкіл	а) топтағы ойындар 05-09.12.2019 ә) қызысу ойындары 10.12.19 б) іріктеу ойындары 11-16.02.2019 <b>Қалалық ақтық ойындар 02-06.04.2020</b>	Тяженов Н.И. Спорт түрлерін қадағалайтын «Шығыс» БЖО қызметкерлері
6.	Волейбол (қыздар)	12 1 бапк.+1 өкіл	а) топтағы ойындар 05-09.12.2019 ә) қызысу ойындары 10.12.19 б) іріктеу ойындары 11-16.02.2019 <b>Қалалық ақтық ойындар 26-30.03.2020</b>	Тяженов Н.И. Спорт түрлерін қадағалайтын «Шығыс» БЖО қызметкерлері
7.	Баскетбол (қыздар)	12 1 бапк.+1 өкіл	а) топтағы ойындар 11-18.12.2019 ә) қызысу ойындары 20.12.2019 б) іріктеу ойындары 24-29.02-2020 <b>Қалалық ақтық ойындар 01-04.04.2020</b>	Тяженов Н.И. Спорт түрлерін қадағалайтын «Шығыс» БЖО қызметкерлері
8.	Волейбол (ұлдар)	12 1 бапк.+1 өкіл	а) топтағы ойындар 11-18.12.2019 ә) қызысу ойындары 20.12.2019 б) іріктеу ойындары 24-29.02-2020 <b>Қалалық ақтық ойындар 26-30.03.2020</b>	Тяженов Н.И. Спорт түрлерін қадағалайтын «Шығыс» БЖО қызметкерлері
9.	Шаңғы жарысы	2+2 1 бапк.+1 өкіл	06.02.2020	Тяженов Н.И. Спорт түрлерін қадағалайтын «Шығыс» БЖО қызметкерлері
10.	Қысқы Президенттік көпсайыс	2+2 1 бапк.+1 өкіл	19-21.02.2020	Тяженов Н.И. Спорт түрлерін қадағалайтын «Шығыс» БЖО қызметкерлері
11.	Қазақ күресі	7 1 бапк.+1 өкіл	2020 ж. наурыз айы	Тяженов Н.И. Спорт түрлерін қадағалайтын «Шығыс» БЖО қызметкерлері
12.	Жазғы Президенттік көпсайыс	2+2	20-25.04. 2020	Тяженов Н.И. Спорт түрлерін қадағалайтын «Шығыс» БЖО қызметкерлері

**2019-2020 оқу жылындағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының  
Спартакиада жарыстарының спорт түрлері бойынша  
өткізу БАҒДАРЛАМАСЫ**

**1. Күзгі кросс**

**Откізілу орыны :** Триатлон саябағы

Команда құрамы: 2 ұл + 2 қыз.

- қатысушылар спорттық киімде болуы тиіс;
- жарыс жеке-командалық
- қыздар 1500 м, ұлдар 2000 м.

Жарыс төрешілік алқасымен өзгертилген және толықтырылған ережеге сай өткізіледі.

**Жарыстың кестесі бір апта бұрын колледждерге жіберіледі.**

**2. Ұстел теннисі**

**Откізілу орыны және уақыты: №16 ОМ**

Жарыстың басталуы 09.30.

Команда құрамы: 3 адам: 1 ұстел-ұл, 2 ұстел – қыз, 3 ұстел- ұл.

Жарыс төрешілік алқасымен өзгертилген және толықтырылған ережеге сай өткізіледі.

**Жарыстың кестесі бір апта бұрын колледждерге жіберіледі.**

**3. Тоғызқұмалақ**

**Откізілу орыны және уақыты:** АГК Жарыстың басталуы 10.00.

Команда құрамы: 3 адам: 1 тақта -ұл, 2 тақта – қыз, 3 тақта – кез келген.

- әр командада 2 тоғызқұмалақ тақтасы болуы тиіс;

Жарыс төрешілік алқасымен өзгертилген және толықтырылған ережеге сай өткізіледі.

**Жарыстың кестесі бір апта бұрын колледждерге жіберіледі.**

**4. Баскетбол**

**Откізілу орыны :** колледждерінің спорт залдары. Басталуы 13.00 час

Команда құрамы 24 ойыншы (12 ұл бала, 12 қыз бала).

Жарыс төрешілік алқасымен өзгертилген және толықтырылған ережеге сай өткізіледі.

**Жарыстың кестесі бір апта бұрын колледждерге жіберіледі.**

**5. Шаңғы жарысы**

**Откізілу орыны :** шаңғыроллерлік дөңгелек жолы.

Команда құрамы: 2 ұл + 2 қыз

- қатысушылар жаңғы жабдығымен спорттық киімде болуы тиіс;
- жарыс жеке-командалық;
- қыздар 1 км. еркін жүріспен;
- ұлдар 2 км. еркін жүріспен.

Жарыс төрешілік алқасымен өзгертилген және толықтырылған ережеге сай өткізіледі.

**Жарыстың кестесі бір апта бұрын колледждерге жіберіледі.**

**6.Қысқы Президенттік көпсайыс**

**Откізілу орыны:** шаңғыроллерлік дөңгелек жолы, КТК тирі және спорт залы.

-жарыс жеке-командалық

-команда құрамы : 2 қыз + 2 ұл;

Жекелей есептегі жәнімпаздар қысқы Президенттік көпсайыстың нәтижелер кестесіне сәйкес, жинаған ұпай саны бойынша анықталады.

Командалық қорытынды қысқы Президенттік көпсайыстың нәтижелер кестесіне сәйкес, барлық 4 қатысушылардың жинаған ұпай саны бойынша анықталады.

Жарыс төрешілік алқасымен өзгертилген және толықтырылған ережеге сай өткізіледі.

**Жарыстың кестесі бір апта бұрын колледждерге жіберіледі.**

## 7. Қазақ куресі

**Откізу орыны және уақыты:** наурыз 2020 жыл.

**Жарыстың басталуы:** 09.00 сағ.

Мектеп оқушылары 7 салмақ дәрежесінде өткізіледі.

Жарыс төрешілік алқасымен өзгертілген және толықтырылған ережеге сай өткізіледі.

Жарысқа Астана қ. колледж оқушылары қатысады. **Жарыстың кестесі бір апта бұрын командаларға жіберіледі.**

## 8. Волейбол

**Откізу орыны :** колледждердің спорт залдары. Басталуы 13.00 час

Жарыс төрешілік алқасымен өзгертілген және толықтырылған ережеге сай өткізіледі.

Команда құрамы 24 ойыншы (12 ұл бала, 12 қызы бала).

Ойын 3 кезеңнен 2 жеңіске дейін тұрады, ойын есебі 25 үпайға дейін жалғасады. Ойын есебі тең болған жағдайда 3 кезеңдегі ойын есебі 25 үпайға дейін созылады. **Үпайды есептеу: командалар әр үтқан кезеңге үпай алады, мысалы: команда 0-2 есебімен үтүлса, сол команда 0 үпайға ие болады. Жарыстың кестесі бір апта бұрын колледждерге жіберіледі.**

## 9 . Жазғы Президенттік көпсайыс

**Откізу орыны :** №74 МЛ стадионы, ПТК оқ ату тирі және ПТК бассейні.

-жарыс жеке-командалық

-команда құрамы : 2 қызы + 2 ұл;

Жекелей есептегі жеңімпаздар қысқы Президенттік көпсайыстың нәтижелер кестесіне сәйкес, жинаған үпай саны бойынша анықталады.

Командалық қорытынды қысқы Президенттік көпсайыстың нәтижелер кестесіне сәйкес, барлық 4 қатысуышылардың жинаған үпай саны бойынша анықталады.

Жарыс төрешілік алқасымен өзгертілген және толықтырылған ережеге сай өткізіледі.

**Жарыстың кестесі бір апта бұрын колледждерге жіберіледі.**

## 10.Футбол

**Откізу орыны :** Қала колледждерінің футбол аландары. Басталуы 13.00 час

Жарыс төрешілік алқасымен өзгертілген және толықтырылған ережеге сай өткізіледі.

Команда құрамы: 15 ойыншы.

Ойындардың ұзақтылығы: топтық ойындарда әр тайм 20 минуттан, іріктеу және актық ойындарда 30 минуттан өткізіледі.

Қызыл кәртішке алған немесе қатарынан 2 ойында сары кәртішке алған ойыншы келесі ойынга қатысу құқығынан айырылады. Ойын барысында ойыншылар балағат сөздері үшін қызыл кәртішкемен жазаланады . **Жарыстың кестесі бір апта бұрын колледждерге жіберіледі.**

**Ескертпе: өзгерістер мен толықтырулар болған жағдайда төрешелік алқасы қосымша хабар береді.**

**Байланыс телефондар:**

**Бас төреши:** Тяженов Н.И. - ж. 232442; үй. 792012; ұялы. 87016190905;

**Бас төрөшінің орынбасары:** Сұлтаналиев Ә.С. - ж. 232442; үй. 304055; ұялы. 87012946496.

**Қалалық Мектеп лигасы жарыстарының БАГДАРЛАМАСЫ**

<b>№</b>	<b>Спорт түрлері</b>	<b>Жас ерекшелік тери</b>	<b>Катысуш. құрамы</b>	<b>Откізу уақыты</b>	<b>Жарысты откізуге жауапты</b>
1.	Баскетбол Мектеп лигасы (ұлдар)	5-6 сыныптар	12	Іріктеу ойындары- оқу жылының I жартыжылдығында, ақтық ойындар- оқу жылының II жартыжылдығында	Сыздыков Д.З. Те А.С.
2.	Баскетбол Мектеп лигасы (қыздар)	5-6 сыныптар	12	Іріктеу ойындары- оқу жылының I жартыжылдығында, ақтық ойындар- оқу жылының II жартыжылдығында	Сыздыков Д.З. Те А.С.
3.	Баскетбол Мектеп лигасы (ұлдар)	7-8 сыныптар	12	Іріктеу ойындары- оқу жылының I жартыжылдығында, ақтық ойындар- оқу жылының II жартыжылдығында	Сыздыков Д.З. Те А.С.
4.	Баскетбол Мектеп лигасы (қыздар)	7-8 сыныптар	12	Іріктеу ойындары- оқу жылының I жартыжылдығында, ақтық ойындар- оқу жылының II жартыжылдығында	Сыздыков Д.З. Те А.С.
5.	Баскетбол Мектеп лигасы (ұлдар)	9-11 сыныптар	12	Іріктеу ойындары- оқу жылының I жартыжылдығында, ақтық ойындар- оқу жылының II жартыжылдығында	Сыздыков Д.З. Те А.С.
6.	Баскетбол Мектеп лигасы (қыздар)	9-11 сыныптар	12	Іріктеу ойындары- оқу жылының I жартыжылдығында, ақтық ойындар- оқу жылының II жартыжылдығында	Сыздыков Д.З. Те А.С.
7.	Волейбол Мектеп лигасы (ұлдар)	5-6 сыныптар	12	Іріктеу ойындары- оқу жылының I жартыжылдығында, ақтық ойындар- оқу жылының II жартыжылдығында	Аубакиров С.Х. Сыздыков Д.З.
8.	Волейбол Мектеп лигасы (қыздар)	5-6 сыныптар	12	Іріктеу ойындары- оқу жылының I жартыжылдығында, ақтық ойындар- оқу жылының II жартыжылдығында	Аубакиров С.Х. Сыздыков Д.З.
9.	Волейбол Мектеп лигасы (ұлдар)	7-8 сыныптар	12	Іріктеу ойындары- оқу жылының I жартыжылдығында, ақтық ойындар- оқу жылының II жартыжылдығында	Аубакиров С.Х. Руш О.А.
10	Волейбол Мектеп лигасы (қыздар)	7-8 сыныптар	12	Іріктеу ойындары- оқу жылының I жартыжылдығында, ақтық ойындар- оқу жылының II жартыжылдығында	Аубакиров С.Х. Сыздыков Д.З.
11	Волейбол Мектеп лигасы (ұлдар)	9-11 сыныптар	12	Іріктеу ойындары- оқу жылының I жартыжылдығында, ақтық ойындар- оқу жылының II жартыжылдығында	Аубакиров С.Х. Сыздыков Д.З.
12	Волейбол Мектеп лигасы (қыздар)	9-11 сыныптар	12	Іріктеу ойындары- оқу жылының I жартыжылдығында, ақтық ойындар- оқу жылының II жартыжылдығында	Аубакиров С.Х. Сыздыков Д.З.

13	Футзал Мектеп лигасы (үлдар)	9-11 сыныптар	10	Оқу жылы барысында	Алпысбаев Б.А. Шалабаев А.Т.
14	Футзал Мектеп лигасы (қыздар)	9-11 сыныптар	10	Оқу жылы барысында	Алпысбаев Б.А. Шалабаев А.Т.
15	«Кока-кола- Былғары доп » Футбол турнирі	5-6 сынып окушылары	15	Қыркүйек 2019 ж. -топтағы оыйндар, қылышқан оыйндар  Іріктеу оыйндары, ақтық оыйндар- сәуір-мамыр 2020 ж.	Алпысбаев Б.А. Шалабаев А.Т.
16	«Кока-кола- Былғары доп » Футбол турнирі	7-8 сынып окушылары	15	Қыркүйек 2019 ж. -топтағы оыйндар, қылышқан оыйндар  Іріктеу оыйндары, ақтық оыйндар- сәуір-мамыр 2020 ж.	Алпысбаев Б.А. Шалабаев А.Т.
17	«Кока-кола- Былғары доп » Футбол турнирі	9-11 сынып окушылары	15	Қыркүйек 2019 ж. -топтағы оыйндар, қылышқан оыйндар  Іріктеу оыйндары, ақтық оыйндар- сәуір-мамыр 2020 ж.	Алпысбаев Б.А. Шалабаев А.Т.
18	Шахмат «Ақбозат» Мектеп лигасы	6-8 сыныптар	4	Оқу жылының I жартыжылдығы	Сафин К.С.
19	Шахмат «Ақбозат» Мектеп лигасы	9-11 сыныптар	4	Оқу жылының I жартыжылдығы	Сафин К.С.

## **2019-2020 оқу жылындағы қалалық Мектеп лигасы жарыстарының БАҒДАРЛАМАСЫ**

### **1. Баскетбол-Мектеп лигасы ( үлдар, қыздар)**

**Откізу орыны және уақыты:** мектептердің спорт залдары

Жарыс төрешілік алқасымен өзгертілген және толықтырылған ережеге сай өткізіледі.

**Жарыстың басталуы:** 13.00 сағ.

Жарысқа 5-6, 7-8, 9-11 сыныптардағы мектеп оқушылары қатысады. Команда құрамы: 24 адам .

### **2. Волейбол-Мектеп лигасы ( үлдар, қыздар)**

**Откізу орыны және уақыты:** мектептердің спорт залдары

Жарыс төрешілік алқасымен өзгертілген және толықтырылған ережеге сай өткізіледі.

**Жарыстың басталуы:** 13.00 сағ.

Жарысқа 5-6, 7-8, 9-11 сыныптардағы мектеп оқушылары қатысады. Команда құрамы: 24 адам .

Ойын 3 кезеңнен тұрады 2 жеңіске дейін, есеп 25 дейін жүргізіледі. 2 кезең тең түскен жағдайда 3 кезең 25 дейін жүргізіледі.

### **3. Футзал -Мектеп лигасы ( үлдар, қыздар)**

**Откізу орыны және уақыты:** мектептердің спорт залдары

Жарыс төрешілік алқасымен өзгертілген және толықтырылған ережеге сай өткізіледі.

**Жарыстың басталуы:** 13.00 сағ.

Жарысқа 9-11 сыныптардағы мектеп оқушылары қатысады. Команда құрамы: 10 адам .

### **4. «Кока-кола-Былғары доп» футбол турнири**

**Откізу орыны және уақыты:** мектептердің футбол аландары

Жарыс төрешілік алқасымен өзгертілген және толықтырылған ережеге сай өткізіледі.

**Жарыстың басталуы:** 13.00 сағ

Жарысқа 5-6, 7-8, 9-11 сыныптың мектеп оқушылары қатысады . Команда құрамы 15 адам.

Ойындардың ұзактылығы: топтық ойындарда, іріктеу әр тайм 25 минуттан өткізіледі, ал ақтық ойындарда тайм 30 минуттан өткізіледі.

Қызыл қағаз алған немесе қатарынан 2 ойында сары қағаз алған ойыншы келесі ойынға қатысу құқығынан айырылады. Ойын барысында ойыншылар балағат сөздері үшін қызыл көртішкемен жазаланаады

### **5. «Ақбозат» шахматтан қалалық турнир**

**Откізу орыны және уақыты:** шахмат үйірмелері бар мектеп базалары.

**Жарыстың басталуы:** 13.00 сағ. Команда құрамы: 4 адам. (3 ұл +1 қыз).

Жарыс төрешілік алқасымен өзгертілген және толықтырылған ережеге сай өткізіледі.

**Жарыстың кестесі бір апта бүрін командаларға жіберіледі.**

**Ескертпе: өзгерістер мен толықтырулар болған жағдайда төрешілік алқасы қосымша хабар береді.**

**Байланыс телефондар:**

**Бас төреши: Тяжевов Н.И. :ж.232442; ұялы 87016190905;**

**Бас төрешиңің орынбасары : Султаналиев А.С. - ж. 232442; ұялы.87012946496;**

**Бас хатшы:Сыздыков Д.З. - ж. 232442; ұялы. 87024094546.**

**«БЕКІТЕМІН»**

Нұр-Сұлтан қаласының Білім

басқармасының басшысы

А. Жангозин



**«КЕЛІСІЛДЬ»**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Шығыс»

балалар мен жасөспірімдер орталығының  
директоры Н. Тяжев



**«БЕКІТЕМІН»**

Білім қызметкөрлерінің қалалық

«Әділет» касіподагының төрайымы

Б. Наурузбаева



**«КЕЛІСІЛДІ»**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің балалар мен

жасөспірімдердің туризм және өлкетану

орталығының директоры

М. Абенов



**2019-2020 оқу жылдарының Ұлы Отан соғысындағы  
Жеңістің 75 жылдығына арналған Нұр-Сұлтан  
қаласының білім беру жүйесінің қызметкерлері  
арасында деңсаулық Спартакиадасын өткізу**

**ЕРЕЖЕСІ**

# НҮР-СҮЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ СПАРТАКИАДАСЫНЫң ӨТКІЗІЛУ ЕРЕЖЕСІ

## 1. Мақсаты мен міндеттері

- білім беру үйымдарының қызметкерлерінің демалу және еңбегін үйымдастыру жүйесіне дene тәрбиесі мен спортты енгізу;
- мұғалімдердің дene дайындығы деңгейін көтеру;
- білім беру үйымдарында педагогикалық ұжымдардың жұмысын жеделдету;
- білім беру үйымдарының қызметкерлері арасында СӨС салтын насиҳаттау;
- білім беру жүйесінің педагогикалық қызметкерлерінің арасында қарым-қатынастарын нығайту;
- ең жақсы ұжымды анықтау, қала мектептерінің арасында тәжірибемен алмасу.
- 

## 2. Басшылық

- Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің МКҚК «Шығыс» БЖО (Тяженов Н.И.) және «Жас саяхатшылар бекеті» ММ (Абенов М.К.) қолдауымен жарыстардың өткізілуіне жалпы басшылық «Әділет» білім беру қызметкерлерінің кәсіподағы жүргізеді;
- Спартакиада жарыстарын өткізу үшін стадиондармен, спорттық аландармен, спорттық залдар мен оқ ату тирлермен және т.б. қамтамасыз ету білім беру үйымдарының басшыларына жүктеледі.

## 3. Қатысушылар

- жарыстарға қаланың білім беру үйымдарының педагогикалық құрамының қызметкерлері, тұрғылықтың кәсіподақ комитетінің мүшелері қатысады;
- жарыстарға медициналық қараудан өткен, бірыңғай спорт киімі, ауыстыру аяқ киімі, жеке қүелігі, кәсіподақ мүшесінің есеп картішесі, зейнетакы қорынан жалақы туралы мәлімет және мүше билеті бар, спорт түрлері бойынша педагогикалық ұжымдарының құрама командалары жіберіледі;
- жарысқа қатысатын техникалық қызметкерлердің (инженер-программисттер, күзетшілер, ғимарат жондеушілер, тазалаушылар, электриктер, аула тазалаушылар, ағаш шебері, т.б.) жастары 40 және одан жоғары болу керек;
- талас мәселерде, команданың өкілі «Әділет» білім беру қызметкерлерінің кәсіподағына 24 сағат ішінде аппеляция беру керек. Командалар бірыңғай спорт киімінде болулары тиіс.
- **Жарыстар 3 кезеңде өткізіледі:**
- 1-і кезең-ұжымдар ішінде өтетін жарыстар
- 2-і кезең-топтағы ойындар
- 3-і кезең- қызылсқан ойындар
- 4-і кезең- іріктеу ойындар.
- 5-і кезең- жартылай финал және финалдық ақтық ойындар.

## 4. Өткізу шарты

Спартакиада спорттың 5 түрінен өткізіледі: шанғы жарыстары, волейбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ және «Туган жер 2020» туристтік слеті, спорт түрлері бойынша жарыстар Спартакиаданың төрешілік алқасында өзгертилген және толықтырылған Халықаралық ережелер бойынша өткізіледі;

- Устел теннисі, тоғызқұмалақ және волейбол жарыстарында екі немесе одан да көп командалардың ұпай сандары тең түскен жағдайда мынадай көрсеткіштер арқылы командалар басымдылыққа ие болады (әр кезеңде жекелей 2,3,4 кезеңдердегі жерілген және салынған доп санының және кезеңдердің айырмашылығы азайту +, - амалы арқылы есептелінеді):
  - барлық кездесулердегі жеңіс сандары арқылы;
  - екі команданың арасындағы ойын нәтижесі;
  - барлық кездесулердегі кезең айырмашылығы арқылы;
  - әр кезеңде жекелей барлық кездесулердегі доп санының айырмашылығы арқылы;

- *әр ұтқан кезең үшін команда үпайга ие болады, егер команда 0-2 есебімен ұтылған жағдайда оған үпай берілмейді.*

Спорт түрлері бойынша жарыстар Спартакиадың төрешілік алқасында өзгерілген және толықтырылған Халықаралық ережелер бойынша 4 кезенде өткізіледі.

**2 кезең** – топтағы ойындар. Командалар 12 топқа бөлінеді. Әр топтың 1-2 орынға ие болған командалары 3 кезенге жолдама алады.

**3 кезең-қызылсың ойындар.** 1 қызылста 24 команда төмендегі жүйе бойынша 2 қызылсың ойындарға жолдама алады:

- 1) A1-L2, 2) L1-A2, 3) B1-K2, 4) K1-B2, 5) C1-J2,6) J1-C2,
- 7) D1-I 2, 8) I1-D2, 9) E1-H2, 10) H1-E2. 11) F1-G2, 12) G1-F2

**4 кезең** – іріктеу жарыстары. 1 қызылсың ойындардан кейн 12 команда «Жыланша» әдісімен 3 командадан 4 топқа бөлініп, топтан 1-2 орын алған командалар 1) A1-D2 2) B1-C2 3) C1-B2 4) D1-A2 жүйесі бойынша жартылай финалға жолдама алады.

**5 кезең** – IV кезенде ұтқан 4 команда жеребе немесе дауыс беру арқылы жартылай финалдық ойындарды анықтайтын жүйені анықтайды: I жүйе- W1-W4, W2-W3, II жүйе- W1-W3, W2-W4 және III жүйе- W1-W2, W3-W4, кейн ұтылған командалар 3-4 орынға таласады, ұтқан командалар 1-2 орынды сарапқа салады

Спартакиадың актық жарыстарында анықталады:

1.Жарыска әр спорт түрлерінен 6 команда қатысқан жағдайда командалық біріншілік анықталады.  
2.Жекелей біріншілік жарыс бағдарламасы бойынша жарысқа 4 спортышы қатысқан жағдайда анықталады.

**3.Шанғымен жүгіру және Спартакиадың бірінші спорт турі міндетті түрде қатысатын спорт түрлері болып табылады. Міндетті болып есептелетін спорт түріне қатыспаған мектеп командасы келесі жарыс түріне жіберілмейді.**

4.Жалпыкомандалық орынды анықтағанда екі немесе одан да көп команданың жинаған үпайлары бірдей болған жағдайда әр спорт түрлерінен

бірінші, екінші орындарды және жүлделі орындарға көбірек ие болған командаға басымдылық беріледі.

## 5. Жалпыкомандалық орын командалардың жеңіп алған орындарының ең аз қосындысы бойынша анықталады.

6.Барлық Спартакиада кезінде (жалпыкомандалық орындарды анықтамас бұрын) жарыс ережелерін бұзған команда (жалған қатысуши, құжаттарды ұқсатып жасау) осы спорт түрінен шектетіледі және оған 0 үпайы беріледі.

Жарыс ережелерін бұзған командаларға (құжаттарды ұсынбау: өтінім, жеке іс қағазы, оқушының күәлігі, паспорт, біркелкі спорттық киімсіз келу, әр түрлі түсте шорттар мен футболкалар және нөмірсіз келу, командалар толық күрамда болмау және т.б.) келесі шаралар қолданылады : 1-ші ойында жеңіліп беріліп келесі ойынға жіберіледі, егер де осындай жағдайлар қайталанатын болған жағдайда команда жарыстан шектетіледі.

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын тексеру үшін, төрешілердің қатысуымен әрбір ойын алдында, екі жақтың команда өкілдері бір бірлерінің құжаттарын тексереді.

**Ескерту:** Спартакиада жарыстары өтіп жатқан кезде, спортышлар тарапынан жарыс ережелерін өрсекел бұзған жағдайда (төбелес, ренжіту, төрешілерді құрметтемеу, жарысқа кешігу), команда немесе жарысқа қатысуши барлық Спартакитада жарыстарынан босатылады.

## 5. Қаржыландыру

Спартакиаданы өткізу мен үйимдастыру шығындарын (жеңімпаздарды марапаттау, төрішілер жұмысының төлем ақысы) Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының «Әділет» Кәсіподагы және «Шығыс» БЖО аткарады. Слет қатысушиларының тамақтану, жол ақысы шығындарын Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының «Әділет» Кәсіподагы мектептің кәсіподак комитеті көтереді.

## 6.Марапаттау

Жеңімпаз және жүлдегер командалар «Әділет» Кәсіподагының грамота және бағалы сыйлықтарымен мрапатталады.

**Қосымша мәлімет:** туристтік слеті бойынша төрешілер алқасының отырысы 2020 жылдың мамыр айында Жас саяхатшылар бекетінің гимаратында болады.

**НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДА  
ДЕНСАУЛЫҚ СПАРТАКИАДАСЫНЫҢ ӨТКІЗІЛУ  
ЖАРЫСТАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ:**

***1. Шаңғымен жүгіру***

**Откізу орыны мен мерзімі:** шанғыроллерлік дөңгелек жолы .

Жарыстардың басталуы: **06.01.2020 сағ.11.00.** – жарыстарда қаланың барлық жалпы білім беретін мектептерінің ұжымдары қатысады.

- қатысушыларда спорттық киімі мен шанғы жабдығы болуы тиіс;
- жарыстар командалық;
- командалық біріншілік нәтижелер бағалау кестесі бойынша анықталады.
- арақашықтық 3 км (ерлер) және 2 км. (әйелдер) 20 -дан – 29 жасқа дейін (1+1)
- арақашықтық 2км. (ерлер) және 1км. (әйелдер) 30-дан –39 жасқа дейін (1+1)
- арақашықтық 1км. (ерлер) және 500 м. (әйелдер) 40-тан –49 жасқа дейін (1+1)
- арақашықтық 500 м. (ерлер) және 500 м. (әйелдер) 50- жас – және жоғары (1+1)

**Жалпыкомандалық есеп команда толық болған жағдайда есптелінеді (6 адамнан кем емес)**

***2. Ұстел теннисі (2 ер+1 әйел)***

**Откізу орыны мен мерзімі:** 07-08.01.2020 ж. №16 ОМ өтеді.

- Жарыстардың басталуы сағат 10.00-де.

**Жарыстар халықаралық ережелер бойынша өткізіледі.**

Команда құрамы: 2 ер ,1 әйел, жасқа шек қойылмайды.

- қатысушыларда ракеткалар мен теннис доптары болу керек;
- қатысушылардың қатысуы команданың сұранысында көрсетілген нумерация реті бойынша;
- жарыстар ұстел теннисінің ережелеріне сәйкес өткізіледі, ойын 3 сеттен 2 жеңіске дейін тұрады, ойын саны 11 ұпайға дейін саналады.
- жарыстарға педагогикалық ұжымдарының құрама командалары қатысады;
- қатысушыларда бірыңғай спорттық киімде болу керек;
- жарыстар 5 кезенде өткізіледі;

**2 кезең** – топтағы ойындар. Командалар 12 топқа бөлінеді. Әр топтың 1-2 орынға ие болған командалары 3 кезенге жолдама алады.

**3 кезең-қызылсың ойындар.** 1 қызылсыста 24 команда төмендегі жүйе бойынша 2 қызылсың ойындарға жолдама алады:

- 1) A1-L2, 2) L1-A2, 3) B1-K2, 4) K1-B2, 5) C1-J2,6) J1-C2,  
7) D1-I 2, 8) I1-D2, 9) E1-H2, 10) H1-E2. 11) F1-G2, 12) G1-F2

**4 кезең** – іріктеу жарыстары. 1 қызылсың ойындардан кейн 12 команда «Жыланша» әдісімен 3 командаладан 4 топқа бөлініп, топтан 1-2 орын алған командалар 1) A1-D2 2) B1-C2 3) C1-B2 4) D1-A2 жүйесі бойынша 5 кезенге жлдама алады

**5 кезең** – IV кезенде ұтқан 4 команда айналмалы жүйе бойынша 1-4 орындарды сарапқа салады.

- жарыстар қолданыстағы ұстел теннисі ережелері бойынша жүргізіледі, ойын 3 сеттен 2 жеңіске дейін тұрады, ойынның саны 11 ұпайға дейін саналады.

***3. Тогызқұмалақ (2 ер +1 әйел)***

**Откізу орыны мен мерзімі:** 30-31.03.2020, № 38 МЛ

- Жарыстардың басталуы сағат 10.00-де.

**Жарыстар халықаралық ережелер бойынша өткізіледі.**

Команда құрамы : 3 адам (1 тақта –ер, 2 тақта- әйел, 3 тақта –кез келген) жасқа шек қойылмайды.

- қатысушылардың өзінің 2 тогызқұмалақ тақталары болу керек;
- жарыс қатысушыларының қатысуы команданың сұранысында көрсетілген нумерация реті бойынша;

Спорт түрлері бойынша жарыстар Спартакиадаң төрешілік алқасында өзгертілген және толықтырылған Халықаралық ережелер арқылы жүргізіледі.

#### 4. Волейбол (3 ер+3әйел)

**Откізу орыны мен мерзімі: 24-28.03.2020, мектептердің спорт залдары.**

**Жарыстар халықаралық ережелер бойынша откізіледі.**

- жарыстарға педагогикалық ұжымдарының құрама командалары қатысады;
- қатысушыларда бірыңғай спорттық киімде болу керек;
- жарыстар 5 кезеңде откізіледі;

**2 кезең** – топтағы ойындар. Командалар 12 топқа бөлінеді. Әр топтың 1-2 орынға ие болған командалары 3 кезеңге жолдама алады.

**3 кезең-қызылсың ойындар.** 1 қызылсты 24 команда төмендегі жүйе бойынша 2 қызылсың ойындарға жолдама алады:

- 1) A1-L2, 2) L1-A2, 3) B1-K2, 4) K1-B2, 5) C1-J2, 6) J1-C2,  
7) D1-I 2, 8) I1-D2, 9) E1-H2, 10) H1-E2. 11) F1-G2, 12) G1-F2

**4 кезең** – іріктеу жарыстары. 1 қызылсың ойындардан кейн 12 команда «Жыланша» әдісімен 3 командадан 4 топқа бөлініп, топтан 1-2 орын алған командалар 1) A1-D2 2) B1-C2 3) C1-B2 4) D1-A2 жүйесі бойынша жартылай финалға жолдама алады.

**5 кезең** – IV кезеңде ұтқан 4 команда жеребе немесе дауыс беру арқылы жартылай финалдық ойындарды анықтайтын жүйені анықтайды: I жүйе- W1-W4, W2-W3, II жүйе- W1-W3, W2-W4 және III жүйе- W1-W2, W3-W4, кейн ұтылған командалар 3-4 орынға таласады, ұтқан командалар 1-2 орынды сарапқа салады

- жарыстар қолданыстағы волейбол ережелері бойынша жүргізіледі, ойын 3 сеттен 2 жеңіске дейін түрады, ойынның саны 25 ұпайға дейін саналады. Партиялар тең есеппен аяқталған кезде, Зартия 25 ұпайға дейін ойнатылады.

#### 5. Туристтік слет-семинар «Тұган жер-2020»

**Откізу орыны мен мерзімі: 26-28 мамыр 2020 жыл.**

Откізу орыны төрешілік алқасында анықталады.

### **«ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР- АСЫЛ МҰРАМЫЗ» ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР БОЙЫНША ТУРНИРІҢ ЕРЕЖЕСІ**

#### **МАҚСАТЫ**

«Ұлттық ойындар - асыл мұрамыз» ұлттық ойындар турнирінің мақсаты балалар мен жеткіншектерді дene тәрбиесі және спортпен жүйелі түрде шұғылдануға тарту үшін, ұлттық дәстүрлер мен мәдени құндылықтарды қолдану негізінде білім беру ұйымдарының дene шынықтыру-сауықтыру, спорттық істерін әйгілеу.

#### **МИНДЕТТЕРІ**

Турнирді өткіуде балалар мен жеткіншектерді дene шынықтыру және спортпен жүйелі шұғылдануға баулу, мектеп оқушылары арасында спорт түрлері мен ұлттық ойындарды насихаттау, сыныптан тыс бос уақытты дұрыс ұйымдастыру міндеттеледі.

#### **ҚАТЫСУШЫЛАР**

Турнирге спорт түрлері бойынша әр мектептен құрама командалар қатысады. Команда қатысушылары мен команда жетекшісі ұлттық киімінің элементі бар спорттық формада, команданың атауы және эмблемасы, мектептің номірі бар табличкасы болу тиіс.

Қатысушылар міндетті түрде дәрігердің рұқсатын алулары керек. Сайысқа қатысу үшін өтінімдер откізілетін мерзімнен кешікпей қабылданады.

## ӨТКІЗУ УАҚЫТЫ МЕН ОРЫНЫ

Өткізу уақыты-2019-2020 оку жылдың қазан-маусым аралығы

Спорт түрі	Өткізу уақыты	Өткізу орыны	Команда құрамы	Жасы
Жүзік ату	2019 жылдың қазан айы	Қала мектептері	3 адам (1 ұл+ 1 қыз+1 ұл немесе 1 қыз)	2005-2006 ж.т.
Бес тас	2019 жылдың қараша айы	Қала мектептері	3 қыз	2005-2006 ж.т.
Асық ату	2019 жылдың желтоқсан айы	Қала мектептері	3 ұл	2005-2006 ж.т.
Ләнгі тебу	2020 жылдың қаңтар айы	Қала мектептері	3 ұл	2005-2006 ж.т.
Гір көтеру	2020 жылдың ақпан айы	Қала мектептері	3 ұл	Мектептің құрама командасы
Қазақ күресі «Мектеп барысы»	2019 жылдың наурыз айы	Қала мектептері	1 ұл +1 ұл	2005-2006 ж.т.
Тогызқұмалық	2020 жылдың наурыз айы	Қала мектептері	2 ұл+1 қыз	2005-2006 ж.т.
Арқан тартыс	2020 жылдың сәуір айы	Қала мектептері	6 ұл+ 2 ойыншы қосалқы	2005-2006 ж.т.
Женімпаздарды марапаттау	1 маусым 2020 жыл	«Жетісіу» саябағы	Жеке спорт түрлері бойынша 1-2-3-4 орын алған командалар	

## ӨТКІЗУГЕ БАСШЫЛЫҚ

Турнирді өткізу мен дайындығына жалпы басшылықты Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Шығыс» балалар мен жасөспірімдер орталығы жүргізеді.

Бас төреші – Султаналиев Адлет Сагитович – директордың спорттық бүқаралық жұмыс жөніндегі орынбасары.

## ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТЫ

«Ұлттық ойындар асыл мұрамыз» Турнирі жүзік ату, асық ату, ләнгі тебу, бес тас, гір көтеру, аркан тарту, тогызқұмалак, қазақ күресі үш кезеңде өтеді: мектепшілік (іріктеу), аудандық жарыстар және қалалық ақтық жарыс

Жарыстардың женімпаздары спорт түрлері бойынша Ережеге сәйкес анықталады.

Турнир жеңімпаздары мен жүлдегерлері, сонымен қатар белсенді қатысқан қатысуушылар Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Шығыс» балалар мен жасөспірімдер орталығының грамоталарымен, бағалы сыйлықтарымен марапатталады.

Турнирге қатысу нәтижелері мектептердің спорттық-бүқаралық іс-шараларға қатысу рейтингіне алынатын болады.

## «ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ПӘННІҢ ЕҢ ҮЗДІК МҰҒАЛІМІ» САЙЫСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

### 1. Сайыстың мақсаты мен міндеттері

Бұл ереже ҚР БФМ 02.07.2012 ж. № 313 "ҚР БФМ алқа отырысының 25.06.2012 ж. қорытындысы туралы" қаулысын бекіту туралы бүйрығына сәйкес, дene шынықтыру мұғалімдерінің инновациялық педагогикалық және шығармашылық қызметін жандандыру мақсатында әзірленді. Байқаудың негізгі мақсаттары:

- ❖ Дағынды, іздемпаз мұғалімдерді анықтау;
- ❖ Дене тәрбиесі мұғалімдерінің позитивтік қоғамдық имиджін қалыптастыру;
- ❖ Педагогикалық тәжірбиеңі насиҳаттау және тарату;
- ❖ Оқыту және тәрбиенің тиімді педагогикалық технологиялары мен әдістемелерін анықтау;
- ❖ Кәсіби іс-әрекетті жетілдіруге уәжденген педагогтарды анықтау және олардың шығармашылық ізденістерін қолдау;
- ❖ Сайыстың негізгі ұстанымдары: айқындық, бағалау критерийлерінің анықтығы, мәселені алқа болып шешу, барлық қатысуышылар үшін шарттардың тендігі.

### 2. Сайыс қатысуышылары

Сайыс қатысуышылары дene тәрбиесі саласындағы мамандар: жалпы білім беру үйымдары дene шынықтыру мұғалімдері, сонымен қатар, коррекциялық, ТКБҰ, мектепке дейінгі білім беру үйымдарының дene шынықтыру тәрбиешілері, қосымша білім беру үйымдарының мұғалім-жаттықтырушылары (әрі қарай сайыскерлер) бола алады. Сайыскердің дene тәрбиесі мен спорт саласындағы педагогикалық еңбек өтілі бір жылдан кем емес болуы керек.

Сайысқа қатысатын үміткерлерді ұсыну білім беру үйымдарымен іске асырылады.

Ұйымдастыру комитеті сайысқа қатысу үшін келесі құжаттарды қабылдайды:

- Сауалнама – өтінім (қатысуыш өзі толтырады)
- Пікір – мінездеме (білім беру үйымы әкімшілігінен беріледі)
- Кәсіби портфолио (сайыскердің видеопрезентациясы, әдістемелік папка, альбом, видео, фотоқұжаттар болуы мүмкін)

### 3. Сайысты ұйымдастыру мен өткізу

Сайыс келесі кезеңдерден тұрады:

#### 1 кезең – (сырттай) – 16.10.2019 г.:

Бірінші кезеңде сайыскерлердің кәсіби портфолиоларына талдау жасалады. Талдау нәтижесі бойынша үздік деп танылған 20 үміткер келесі кезеңге жіберіледі.

#### II кезең – (іштей) бөлек кесте бойынша 30.10.-22.11.2019 г.:

Екінші кезеңде педагогтардың кәсіби шеберлігі мына айналымдар бойынша сыналады:

**30.10.2019 ж.- «Спорт – көмекші, спорт – ойын, алақай дейміз бәріне» спорттық-бұқаралық іс-шара (презентация).** Қорытынды нәтиже бойынша келесі айналымға 15 сайыскер жіберіледі.

**06.11.2019 ж. – «Педагогикалық идеялар панорамасы» өз педагогикалық тәжірибесін көрсету.** Үздік деп танылған 10 сайыскер келесі айналымға жіберіледі.

**07-22.11.2019 ж.- «Дене шынықтыру мен спорт – ең үздік педагог» ашық сабактар өткізу.** Келесі айналымға ең үздік деп танылған 5 сайыскер өтеді.

#### 20.12. 2019 ж. – Ақтық кезең:

- Шығармашылық физкультУраширату (3-5 мин. Мұғалімдерден немесе окушылардан құралған 10 адамнан аспайтын қолдаушы топ)
- «Визитка» сайыскердің таныстыруды (3-5 мин. слайд шоу, видеофильм, өлең, ән)
- «ЖАСА дene шынықтыру!» сүйікті пәніне арнау (3-5 мин, Мұғалімдерден немесе окушылардан құралған 10 адамнан аспайтын үгіт бригада, қолдаушы топ түрінде)

### 4. Сайыстың мазмұны

Сайыс барысында оқу орындарындағы шығармашыл жұмыс жасайтын, оқушылар, ата – аналар мен қоғам алдында кәсіби рейтингі жоғары мұғалімдер анықталады.

Әр кезеңде әділ-қазылар сайыскерлерді келесі критериилер бойынша бағалайды:

- Кәсіби шеберлік пен жеке басының қасиеттері;
- Мұғалімнің жұмыс істеу жүйесі: оқыту, тәрбиелеу және дамыту технологиясы
- Педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігі мен нәтижелілігі.

## **5. Марапаттау**

Сайыстың қорытындысы бойынша әділ-қазылар Гран-при, 1-5 орындарды анықтайды.  
Ақтық сайыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері Білім басқармасының сәйкес деңгейдегі дипломдарымен және қалалық білім қызметкерлерінің «Әділет» кәсіподағының бағалы сыйлықтарымен марапатталады

### **«Үздік дene тәрбиесі мұғалімі» қалалық сайысина, қатысуға арналған САУАЛНАМА-ӨТІНІМ**

Білім беру ұйымы \_\_\_\_\_

#### **Үміткер туралы мәлімет:**

Тегі, аты, жөні. (толық) \_\_\_\_\_

Туған жылы, күні, айы \_\_\_\_\_

Жұмыс орыны, лауазымы \_\_\_\_\_

Педагогикалық жұмысының өтілі \_\_\_\_\_

Біліктілік санаты, берілген жылды \_\_\_\_\_

Білімі туралы мәлімет \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Мемлекеттік, салалық марапаттаулары \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Жұмыстың қысқаша сипаттамасы және соңғы үш жыл аралығындағы манызды педагогикалық нәтижелері туралы мәлімет \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Қандай қосымша мәліметті ескеруді қажет деп санайсыз \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

"—" 20 ж. / /

(қолы)

(тегі, аты, жөні)

**"ДЕНСАУЛЫҚ ҮШІН ЕҢ ЖАҚСЫ-ДЕНЕҢІ ШЫНЫҚТЫРУ!"  
БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫң СПОРТ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫң  
ҰЗДІК МАЗМҰНЫ МЕН РЕСІМДЕЛУ САЙЫСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

**1. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері**

Бұл ереже КР Премьер-Министрі орынбасарының оқу орындары жанындағы қолда бар спорттық инфрақұралымды пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу туралы тапсырмасын және Жолдауды іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық жоспардың 47.1-тармағын басшылықта ала отырып, КР Президентінің 2018 жылғы 05 қазандагы "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен өмір сұру сапасын арттыру" Жолдауына сәйкес әзірленді (қолда бар спорт ғимараттарын, әсіресе мектептерде тиімді пайдалану, аулаларды, саябақтарды, скверлерді дene шынықтырумен айналысу үшін жайластыру қажеттілігі туралы).

Байқаудың негізгі мақсаттары:

1. Оқу-тәрбие процесінде білім беру ұйымдарының спорт инфрақұралымының жұмысын ұйымдастырудың ең тиімді нысандарын анықтау және тарату;
2. Білім беру ұйымдарының спорттық инфрақұралымын пайдалана отырып, оқушылармен дene шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыстарды, балалардың белсенді демалысын, жұмыспен қамтылуын және сауықтыруын ұйымдастыруда жұмыс тәжірибесін анықтау және тарату;
3. Байқаудың негізгі қағидалары: бағалау критерийлерінің ашықтығы, айқындығы, шешім қабылдаудың алқалылығы, барлық қатысушылар үшін жағдайлардың тенденциялары.

**2. Байқау қатысушылары**

Байқауга қаланың жалпы білім беретін мектептері мен колледждері қатысады  
Конкурсқа қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттар ұсынылады:

- презентация еркін түрде ( 25 слайдтан артық емес)

**3. Конкурсты өткізу үйымдастыру**

Конкурстың келесі кезеңдері белгіленеді:

**Бірінші кезең (сырттай) – 30.10.2019 ж.;**

Презентациялар электрондық мекенжайға жіберіледі [umcsport@mail.ru](mailto:umcsport@mail.ru) 30.10.2019 ж. дейін бірінші кезеңде ұсынылған материалдарға сараптама жүргізіледі. Өткізілген сараптама нәтижелері бойынша 10 үздік үміткер конкурстың екінші кезеңіне жіберіледі.

**Екінші кезең (күндізгі) - 07.11. 2012 ж.**

Екінші кезеңде қатысушылар білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үдерісінде спорттық инфрақұралым жұмыстарын ұйымдастыру бойынша тәжірибе презентациясын ауызаша айтумен слайд-шоу түрінде ұсынады (10 минуттан артық емес).

**4. Байқау мәні**

- Байқау барысында келесі критерийлер бойынша білім беру ұйымдарының спорттық инфрақұралымының жұмысын ұйымдастырудың тиімді нысандары анықталады:
- дene шынықтыру мұғалімдері кабинетінің жағдайы
- спорт залының жағдайы мен жабдықталуы
- түгендеге бөлмесінің жағдайы және жабдықталуы
- шешінетін бөліктөр мен санитарлық тораптардың жай-күйі
- спорт алаңының техникалық жағдайы және жабдықталуы
- пән бойынша оқу-тәрбие процесі барысында (оның ішінде сабактан тыс уақытта) спорттық инфрақұралымың жүктемесі (жұмыспен қамтылу)
- спорт секцияларының жұмысын ұйымдастыру үшін спорттық инфрақұралымды пайдалану
- бұқаралық дene шынықтыру-спорттық іс-шараларды ұйымдастыру үшін спорттық инфрақұралымды пайдалану
- демалыс кезінде спорттық инфрақұралымды пайдалану
- дene шынықтыру-сауықтыру және спорттық жұмыстарды жүзеге асыруды кешенді тәсіл
- сабак және спорттық-бұқаралық және дene шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын өткізу кезінде балалардың қауіпсіз өмір сүруін қарташасыз ету бойынша талаптарды орындау

- спорт залын және спорттық инфрақұрылымды безендіру, тақырыптық стендтердің, витриналардың және т. б. болуы)
- дене шынықтырумен және спортпен тұрақты шұғылдануға тартылған, оның ішінде ерекше әлеуметтік топтарға жататын оқушылар саны.

## **5. Марапаттау**

Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы бірінші, екінші және үшінші орындарды және "Үздік безендіру", "Үздік спорт залы", "Үздік спорт алаңы" номинацияларын анықтайды.

Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері байқауды ұйымдастыру комитетінің тиісті дәрежелері бойынша дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

## **ҚР ТҰНГЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КУНИНЕ АРНАЛҒАН «ҮЗДІК МӘДЕНИЕТТІЛІК – ОЛ СПОРТ, ШЫНЫҒУ МЕН ДЕНСАУЛЫҚ!» АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

### **МАҚСАТЫ**

«Үздік мәдениеттілік – ол спорт, шынығу мен денсаулық!» акциясының (бұдан әрі - акция) мақсаты білім беру ұйымдарының ағартушылық қызметтерінде (істерінде) оқушылардың салауатты өмір сұру салтына деген ынталарын қалыптастыру.

### **МІНДЕТТЕРИ**

Балалар мен жасөспірімдерге салауатты өмір салтының маңыздылығын жеке тұлғаның қалыптасуына әсерін көрсету;

Балалар мен жасөспірімдерді дене тәрбиесі және спортпен жүйелі түрде шұғылдануға тарту мақсатында білім беру ұйымдарының дәне шынықтыру-сауықтыру, спорттық істерін әйгілеу.

### **ҚАТЫСУШЫЛАР**

Акция қатысушылары қатарына білім беру ұйымдарының барлық оқушылары, сонымен қатар олардың ата-аналары, мұғалімдері, қоғам өкілдері жіберіледі.

### **ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ МЕН МЕРЗІМІ**

#### ***Бірінші кезең – дайындық – 2019 жылдың қазан-қараша айлары.***

Білім беру ұйымы Акцияны откізу Концепциясын өндейді, іс-шараларды, өткізу түрлерін, әдістерін тандайды, сценарлық жоспарларды анықтайды, жауаптыларды тағайындаиды. Өткізу түрлері: спорттық жарыстар, веложүгірістер, үгіттеу жүргірістері, спорттық ойындар, турнирлер, балалар мен жасөспірімдерді дәне тәрбиесі және спортпен жүйелі түрде шұғылдану, жастарды салауатты өмір сұру салтына тарту бойынша тақырыптық пікірталастар, конференциялар, семинарлар. Әдеби жұмыстарының, суреттердің, плакаттардың, бүктемелердің, рефераттардың сайысы.

***Екінші кезең – 2019 жылдың 30 қарашасында бір уақытта барлық білім беру ұйымдарында Акция өткізіледі.***

***Үшінші кезең – 2019 жылдың 06 желтоқсанына дейін қорытынды ақпаратты қабылдау.***

***Төртінші кезең- 2019 жылғы 12 желтоқсан күні*** Акцияны қорытындылау, жеңімпаздар мен белсенді қатысушыларын марапаттау өткізіледі.

### **ӨТКІЗУГЕ БАСШЫЛЫҚ**

Акцияны өткізу мен дайындығына жалпы басшылықты «Шығыс» балалар мен жасөспірімдер орталығы жүргізеді. Акцияны орындарда өткізу білім беру ұйымдарының әкімшілігі мен педагогикалық ұжымына жүктеледі.

### **ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУДЫҢ ШАРТЫ МЕН ТӘРТІБІ**

Қ.Рысқұлбеков к-і 4/4 мекен жайы бойынша орналасқан «Шығыс» балалар мен жасөспірімдер орталығына, келесі материалдар жіберіледі:

**-2019 жылдың 06 желтоқсанына дейін** - Акция шеңберінде өткізілетін іс-шаралардың сценарлық жоспарлары және өндөлген тақырыптық альбом түрінде безендірілген тұжырымдама.

Акция жеңімпаздары мен жұлдегерлері іс-шаралардың әр-түрлілігі, ұсынылған материалдар, білім беру үйімінде оқытындардың санына қаасты Акцияға қатысқандар саны бойынша анықталады.

Акция жеңімпаздары мен жұлдегерлері, сонымен қатар ен белсенді қатысқандар үйімдастыру комитетінің грамоталарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталады.

## **"СПОРТТЫҚ БАЛАЛАР-МЫҚТЫ ҰЛТ!" ҚР ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ТУРАЛЫ МОТИВ - БЕЙНЕРОЛИКТЕР КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

Байқаудың мақсаты-дene шынықтыру және спортпен шұғылдануды насиҳаттау және оқушылардың салауатты өмір салтына қажеттілігін қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Байқаудың міндеттері:

- оқушылардың денсаулықты нығайту тәсілдері, зиянды әдеттердің алдын алу шаралары туралы түсініктерін жүйелеу;
- оқушылардың ақпараттық іскерліктерін, бейнефильмдер жасау бағдарламаларында компьютерде жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру;
- оқушылардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру, дene шынықтыру және спортпен жүйелі шұғылдану қажеттілігін тәрбиелеу

Байқауға қатысушылар. Өткізу мерзімі.

Байқауға мектеп және колledge оқушыларына қатысу ұсынылады. Бейнеролик жеке және оқушылар тобымен ( топта 3-тен артық емес) құрылуы мүмкін. Конкурсқа материалдарды ұсыну мерзімі-**2019 жылғы 10 желтоқсаннан кешіктірмей Қ. Рысқұлбеков көшесі 4/4 "Шығыс" балалар мен жасөспірімдер орталығы.**

Конкурстың мазмұны. Жұмыстың мазмұнына қойылатын талаптар.

Байқауға ұзактығы **5 минуттан аспайтын** бейнероликтер қабылданады. Жұмыстарды қазылар алқасы дискіде немесе басқа электрондық тасығышта, сандық тасығыштарда (CD, DVD, карталарда) тапсырады.

Бейнероликтердің мазмұнына қойылатын талаптар:

- бейнероликтің мазмұны салауатты өмір салтын насиҳаттауға, дene шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға, зиянды әдеттерден бас тартуға бағытталуы тиіс;
- бейнеролик мектеп өмірінің үзінділерінен жасалуы мүмкін, немесе арнайы әзірленген сценарий бойынша жасалған фильм болуы мүмкін;
- бейнероликтің ұзактығы-5 минуттан аспайды; фильмде оның атауы және жұмыс авторлары туралы ақпарат болуы тиіс.

Бейне роликті құрастыру және түсіру кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану – қатысушының қалауы бойынша. Қатысушылар бейнеролик жанрын өздері анықтайды (сұхбат, репортаж, бейне клип және т.б.) . Роликте фотосуреттер пайдаланылуы мүмкін.

Байқау қорытындысын шығару.

Конкурстың жеңімпазы мен жұлдегерлері (2, 3 орын) келесі өлшемдер бойынша қазылар алқасының мүшелері қойған балдардың ең көп сомасы бойынша анықталады:

- бейнеролик мазмұнының конкурс тақырыбына сәйкестігі
- шығармашылық ойдың бірегейлігі және оны іске асыру сапасы
- жұмыстың техникалық сапасы

Марапаттау.

Конкурстың жеңімпазы мен жұлдегерлері үйімдастыру комитетінің естелік дипломдарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталады

**«МЕН ӨЗ САБАҒЫММЕН МАҚТАНАМЫН!»**  
**ЖАС ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ҚАЛАЛЫҚ КӘСІБІ ШЕБЕРЛІК**  
**САЙЫСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

«Мен өз сабағыммен мақтанамын!» жас дене шынықтыру мұғалімдерінің қалалық кәсіби шеберлік сайысы Астана қаласы әкімдігінің «Шығыс» балалар мен жасөспірімдер орталығымен өткізіледі.

Сайыс дене шынықтыру мен спорттың маңыздылығын арттыруға, өскелен үрпақтың дене тәрбиесі жүйесін жетілдіруге, жас үрпақты дене шынықтырумен, спортпен жүйелі шұғылдануға баулуға бағытталған.

**Сайыстың мақсаты** - дене шынықтыру мен спорт саласындағы инновациялық педагогикалық тәжірибелі анықтау мен тарату, өскелен үрпақты салауатты өмір салтына баулу.

**Сайыстың міндеттері:**

-заманауи сауықтыру технологиясы элементтері, дене шынықтыру мен спорт құралдары мен әдістері бар дене шынықтыру сабағының жаңа концепциясын қалыптастыру;

-дене тәрбиесі саласындағы озық педагогикалық тәжірибелі мамандарды анықтау;

-дene тәрбиесі саласында шығармашыл жұмыс істейтін педагогтар мен мамандарды қолдау;

- «дene шынықтыру мұғалімі» мамандығының мәртебесін көтеру мен әйгілеу;

- өскелен үрпақ арасында дene тәрбиесі мен спортпен шұғылдануды әйгілеу;

- өскелен үрпақ дene тәрбиесінің оқу үрдісі тәжірибесіне заманауи инновациялық оқыту технологияларын енгізу, дene шынықтыру және спортпен жүйелі шұғылдануға баулу, салауатты өмір салты дағыларын қалыптастыру бағытындағы жұмыстарға көмек көрсету.

**Сайыс номинациялары:**

**«Мен өз сабағыммен мақтанамын!» номинациясы** жаңартылған білім беру жағдайындағы сабакты өткізу талаптарын басшылыққа ала отырып, оқу бағдаламасына сәйкес дene шынықтырудың үздік сабағын анықтауга бағытталған.

**«Ойнаймын да өсемін» номинациясы** мектепке дейінгі білім беру үйымдарында дамытушылық бағыттағы ойын сабактарын үйымдастырудың үздік іс-тәжірибесін анықтауга негізделген (сабақ мазмұнында қозғалмалы, ұлттық ойындар мен эстафеталар болуы мүмкін).

**«Көңілді үзіліс» номинациясы** орта жалпы білім беру үйымдарындағы бастауыш сыйып оқушыларының сабактар арасындағы үзіліс кезінде кешенді дene жаттығуларын үйымдастырудың үздік педагогикалық іс-тәжірибесін анықтауга бағытталған.

**«Бәрімен бірдей» номинациясы** орта жалпы білім беру үйымдарындағы әр түрлі жастағы мүмкіндігі шектеулі балалардың мектеп өміріне бейімделуін инклузивті оқыту технологиясын қолдану арқылы үйымдастырған ең үздік сабактарды анықтау үшін беріледі.

**«Бірге біз – командаңыз» номинациясы** ұжымшылдыққа баулитын топтық жұмысты үздік үйымдастыру әдістерін қамтыған сабакты анықтауга негізделген (сабақ мазмұнында спорттық ойындар, эстафеталар, түрлі командалық спорттық ойын түрлері, музыкамен сүйемелденетін топтық жұмыс және би болуы мүмкін).

**«Чемпиондар мектебі» номинациясымен** тәрбиеленушілердің жеке қасиеттерін жетілдіру үшін үздік үйымдастырылған сабақ марапатталады.

**«Сабактан кейінгі сабак» номинациясы** жалпы білім беру үйымдарының әртүрлі жастағы оқушыларына арналған қосымша білім беру үйымдары өткізген ең үздік сабакқа беріледі. Сабақ мазмұнында бір немесе бірнеше спорт түрлері (көркем және спорттық имнастика, жүзу, женіл атлетика, түрлі жекпе-жек күрес түрлері) мен фитнестің элементтері болуы мүмкін.

**Сайыстың өткізу шарттары:**

Сайыс қатысушылары жас дене тәрбиесі саласындағы мамандар (еңбек өтілі 5 жылдан аспайтын), жалпы білім беру үйымдары дene шынықтыру мұғалімдері, сонымен қатар, коррекциялық, ТКБҰ, мектепке дейінгі білім беру үйымдарының дene шынықтыру тәрбиешілері, қосымша білім беру үйымдарының мұғалім-жаттықтырушылары (әрі қарай сайыскерлер) бола алады. Сайыскердің дene шынықтыру немесе спорт саласында бір жылдан кем емес педагогикалық еңбек өтілі болуы керек.

**Сайысқа тапсырылатын жұмыс жоспар-конспектінен, сабактың өзіндік талдауынан, видеотүсірілімнен, сабактың гистограммасынан (мектеп әкімшілігі бекіткен) сайыскердің өтінімінен тұрады.**

Сайысқа қатысу үшін қажетті жұмыстар мен (қол қойылған, мөр басылған, сканерленген) құжаттары 2019 жылдың 11-15 ақпан аралығында Қ.Рысқұлбеков к-сі 4/4 мекен жайы бойынша қабылданады. Анықтама тел.: 23 24 42.

### **Сайыс жұмыстарын бағалау критериилері**

- сайыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі;
- берілген ақпараттың толықтығы;
- тәрбиелеу, оқыту, сауықтыру тәжірибелерінің тиімділігі;
- педагогикалық жаңашылдық пен шығыармашылық тәсілдер элементтерінің болуы;
- жұмысты тәжірибелік іс-әрекетке енгізу дәрежесі мен деңгейі;
- тәжірибелі тарату мүмкіндігі.

### **Жеңімпаздарды марапаттау**

Сайыс жеңімпаздары Астана қаласы әкімдігінің «Шығыс» балалар мен жасөспірімдер орталығының ғрамоталарымен марапатталады.

Сайыс нәтижелері педагог кадрлардың кезекті аттестатталуында есепке алынатын болады.

## **«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-КӨМЕКШІ, СПОРТ-ОЙЫН, АЙ, ЖАРАЙСЫҢ, ЖІГІТІМ!»**

### **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ**

### **ЖӘНЕ СПОРТ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ САЙЫСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

#### **1. Жалпы ережелер**

